

**Пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелерін және бірыңғай жер салығының мөлшерлемелерін жоғарылату туралы**

***Күшін жойған***

Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2018 жылғы 15 маусымдағы № 212 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2018 жылғы 3 шілдеде № 6354 болып тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 2022 жылғы 25 шілдедегі № 152 шешімімен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Сырдария аудандық мәслихатының 25.07.2022 № 152 шешімімен (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі).**

"Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы" (Салық кодексі) Қазақстан Республикасының 2017 жылғы 25 желтоқсандағы Кодексінің 509-бабының 5-тармағына, 704-бабының 3-тармағына және "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 6-бабының 1-тармағының 13-тармақшасына сәйкес Сырдария аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге жер салығының базалық мөлшерлемелері бес есеге жоғарылатылсын.

2. Қазақстан Республикасының жер заңнамасына сәйкес пайдаланылмайтын ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге бірыңғай жер салығының мөлшерлемелері бес есеге жоғарылатылсын.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі және осы шешімнің 2-тармағы 2020 жылдың 1 қаңтарына дейін қолданыста болады.

*Аудандық мәслихаттың*

*кезекті 23 сессиясының төрағасы:*

*Аудандық мәслихат хатшысы:*

**"КЕЛІСІЛДІ"**

*"Қазақстан Республикасы қаржы министрлігінің мемлекеттік кірістер*

*Комитеті Қызылорда облысы бойынша*

*мемлекеттік кірістер департаментінің*

*Сырдария ауданы бойынша мемлекеттік*

*О. Сейтмуратов* \_\_\_\_\_

*Е. Әжікенов* \_\_\_\_\_

*кірістер басқармасы" Республикалық  
мемлекеттік мекемесінің басшысы  
М. Абдықалықов*  
"15" маусым 2018 жыл.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК